

**Байғанин ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысының  
№2 хаттамасы**

2023 жыл «29» наурыз

Қарауылкелді ауылы

**Отырысқа шақырылғандар:** Байғанин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері. Қатысты – 8 адам, сонымен қатар отырысқа аудандық мәдениет және тілдерді дамыту, мәдениет үйі және аудандық музей мекемесі қатысты.

**Күн тәртібінде:**

1. Байғанин ауданы әкімінің 2022 жылы атқарылған жұмыстары және алдағы 2023 жылға міндеттері туралы есебі

**Б.Тажімұратов**

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Бүгінгі отырысқа Қоғамдық кеңестің 11 мүшесінен 8 мүшесі қатысып отыр. Күн тәртібінде қаралып жатқан мәселе бойынша сөз аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің м.у.а. Р.Айтжанова

**Тыңдалды:** Аудан мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің м.у.а. Р.Айтжанованың баяндамасы

Бабаларымыздан қалған дәстүрлі өнерді кеңінен насихаттап, оның қыр-сырын жеткізіп, қазақ халқының төл өнерін, қымбат қазынасын болашақ ұрпаққа дәріптеу бүгінгі таңда басты бағытымызға айналып отыр. Халыққа мәдени қызмет көрсету, олардың рухани талап-тілектерін әр уақытта қанағаттандырып отыру – әр кезеңде мәдениет мекемелеріне жүктелген. Біздің негізгі міндетіміз – елді мекендегі мәдениет мекемелерінің желісін кеңейтуге қозғаушы болу, жергілікті жерлердегі мәдени-сауықтыру және кітапхана қызметін жетілдіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, тарихи және археологиялық ескерткіштерді қорғау, музей қорын тарихи құнды шығармалар және мүліктермен толтыру, көркемөнерпаздар ұжымдарының «Халықтық», «Үлгілі» атақтарын қорғау және жаңадан алуларына жағдай жасау, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын сақтау, тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болу, мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін көтеру, кәсіби мамандармен қамтамасыз ету болып табылады.

Аудан тұрғындарына мәдени қызмет көрсету ісімен 22 кітапхана, 16 клуб мекемесі, 1 аудандық музей және «Халықтық», «Үлгілі» атақтары

бар 8 ұжым айналысады. Бұл мәдениет мекемелерінде 158 жұмысшы қызметкерлер жұмыс жасайды. 2022 жылы мәдениет мекемелері бойынша күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу, жаңа құрылыс, материалдық-тех.базаны сатып алулар болған жоқ.

Аудан мәдениет мекемелерінде 2022 жыл ішінде қазақтың рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы, КСРО халық әртісі, әнші Роза Бағланованың 100 жылдығы, қазақтың танымал ақындары Мұқағали Мақатаевтың, Төлеген Айбергеновтың, Сәбит Баймолдиннің, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының 80 жылдығы мерейтойлары, жерлес ақын, сазгер, драматург Бәкір Тәжібаевтың шығармашылығына арналған «**Ән мен жырдың Ақбұлағы**» атты республикалық ән байқауы және Лабақ атаның 1600 жылдығына арналған «Ел қорғаған ер еді» атты Республикалық шарасы жоғары дәрежеде аталып өтті. Аудан мәдениет мекемелерінде 1963 мәдени-көпшілік шаралар өткізіліп, оған 125671 көрермен қамтылды.

#### **2022 жылы бөлімге – 20 141 000 тг. қаржы бөлінді.**

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бағытында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде сәуір-қыркүйек айлары аралығында «**Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі**» аудандық тіл фестивалі өткізіледі. Аталмыш фестивальге өткен жылы аудандық бюджеттен 90,0 мың теңге қаралды. Қаралған қаржыға жыл ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Тілім барда қазағым бар, халқым бар» атты мекемелер арасында интеллектуалдық сайыс және М.Шахановтың 80 жылдығына арналған «Ақындық пен азаматтық ұстаным» атты жасөспірімдер арасында ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.

Сонымен қатар аудан кітапханаларында асыл мұрамыз-ана тілімізді дамыту, қазақ тілінің латын әліпбиіне қадам басу бағытында өткен жылы «**Үш тілді меңгеру – жарқын болашақ кепілі**», «**Латын әліпбиіне көшу – жаңғыру негізі**», «**Ұлт болашағы және латын әріпі**», «**Рухани жаңғырудың негізі – латын әліпбиі**» атты дөңгелек үстелдер мен танымдық сағаттар, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

#### **Ономастика саласындағы жұмыстар**

Аудан бойынша қазіргі таңда 9 ауылдық округ, 23 елді мекен, 150-ге жуық көшелер, 22 жалпы орта білім беретін мектептер, аудан орталығында Байғанин техникалық колледжі, Б.Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебі, Балалар спорт мектебі, Батырлар саябағы, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы атындағы саябақ бар. 2017 жылы аудан орталығы Қарауылкелді ауылындағы Жаңа құрылыс-1, Жаңа құрылыс-2 көшелеріне Сәнше Есенбаева мен Қания Хайруллинаның есімдері берілді.

Жалпы, ауданда идеологиялық тұрғыдан ескірген, мән-мағынасыз қойылған және белгісіз тұлғалардың есімімен аталған көшелер, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен объектілер жоқ.

Ағымдағы жылы өңірімізден шыққан белгілі жазушы, ауданның құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті қаламгер Қажығали Мұқанбетқалиұлының 80 жылдығына орай аудан орталығындағы №4 Қарауылкелді мектеп гимназиясына есімі берілді.

**Жыл шінде бөлімге түскен арыз-өтініштер. (кісі есімін беруге байланысты)**

1. Аудан орталығынан бір көшеге Социалистік Еңбек Ері Елбетов Тойманқұлдың есімін беру туралы (Арыз иесі: Естай Дүйсенбин)
2. Аудан орталығынан бір көшеге Мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Күзембаев Нұрдәулет Күзембайұлының есімін беру туралы (Арыз иесі: Жұмабаев Елубай)

Жоғарыда аталған кісі есімін беруге байланысты түскен арыз-өтініштерге Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2.09.2021 жылғы №01/2967 санды тапсырмасына сәйкес, объектілерді, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне кісі есімдерін беру үшін елімізге аса танымал, тарихта айрықша орын алған, жалпыұлттық деңгейде ерекше еңбек сіңірген **555 «Тарихи тұлғалар»** тізімін **ғана** басшылыққа алынатындығы негізге алынып жауап берілді.

Сонымен қатар облыстық ономастикалық комиссияға алдағы уақытта «Тарихи тұлғалар» тізіміне қосуға бөлімге түскен арыз-өтініштерде көрсетілген тұлғаларды және басқа да ауданнан шыққан танымал тұлғалар туралы құжаттар жинақталып ұсыныс берілетін болады.

#### **Азаматтық хал актілері бойынша 2022 жылы көрсетілген қызметтер**

Жұмыс барысында бала туу, неке қию, некені бұзу, қайтыс болу, қайталама куәліктер, анықтамалар, акт жазбаларын қалпына келтіру, акт жазбаларының күшін жою сынды яғни 8 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Құжаттар ЦОН арқылы Қазақстанның кез-келген аймағына қоныс аударғандар, тұрмысқа шыққандардан, алыс-жақын шетелдерден келеді, және бізде шетелден келгендерден сұраныстар жіберіледі. Бұдан тыс әртүрлі заң органдарына құпия құжаттарға жауап дайындалады.

2022 жылы 569 сәби дүниеге келіп 95 жас жұп отбасын құрды. 120 адам қайтыс болу және 3 неке бұзу тіркелді.

**Бөлімге қарасты мәдениет мекемелеріне 2022 жылы бөлінген қаржы:**

Клубтарға – 151 498 700 тг. Кітапханаларға – 150 796 600 тг.

Аудан кітапханаларының кітап қоры – 252841 дана. Сатып алынған кітаптар – 631 дана. (құны 1 500 000 тг.)

**2023 жылы жоспарланған ауқымды іс шаралар  
(Облыстық, Республикалық байқаулар)**

«Ұлттық дәстүр ұлағаты» - Фольклорлық әуесқой ансамбльдердің Республикалық фестивалі

«Елім менің»- Қазақстан Республикасы Отан қорғаушылар күніне арналған облыстық патриоттық әндер байқауы.

«Күміс қалам» - Көрнекті қазақ ақыны, «Құрмет»орденінің иегері Өтежан Нұрғалиевтың 85 жылдығына арналған облыстық жазба ақындар мүшайрасы

«Ақбаян» Айсан Тәжібаева атындағы облыстық халық әндерін орындаушылар байқауы

Ақтан Керейұлы атындағы «Ақпа жырдың Ақтаны» термешілер байқауы

Қ.Р Құрмет Грамотасының иегері, композитор – сазгер жерлесіміз ҚР – ның мәдениет саласының үздігі, Орал Қосай Байсенгірдің шығармаларын орындаушылардың «Жем – Сағыздың ән самалы» атты аймақтық ән байқауын өткізу жоспарлануда.

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

**Тыңдалды:** Аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Г.Қонаеваның баяндамасы тыңдалды.

Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ – Ускинов Н.: Оймауыт, Алтай елді мекендерінің клубтары ескі, жана ғимарат салына ма?

Жауап: Алтайға жаңа ғимарат салынбайды күрделі жөндеу жұмыстары жүреді, ал Оймауытқа да жаңа құрылыс салынбайды, жөндеу жұмысы жүруі тиіс.

Сұрақ – Дербісов С.: Қазіргі Қарауылкелдідегі мәдениет үйінің орындық саны қанша?

Жауап: Қарауылкелді ауылының мәдениет үйінің орындық саны 195.

Жауап беріліп болған соң Г.Қонаева ұсыныс жасады:

Ұсыныс.

**I. Материалдық – техникалық база:**

а) Ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарда музыкалық аппаратуралар мен аспаптар /баян, домбыра, т.б./, сахна киімдері қажет.

ә) Мәдениет үйінің көрермендер залының креслоларының тозығы жетіп тұр, көрермендер залында орын саны -195. Оның 110 - жарақсыз. Үстіміздегі жылға көрермен залының орындығы үшін сұраныс берудеміз.

б) Ауыл – елді мекендермен, жан – жақты концерттік шаралар мен гастрольдік сапарға шығу үшін автокөліктің жоқтығы қиындық келтіріп келеді.

г) Заман талабына сай барлық ауылдық мәдениет үйлеріне, клубтарға компьютер жиынтықтарын қажет етеді, әлі күнге дейін қамтамасыз ете алмай келеміз.

**II. Штаттар қажеттілігі:**

а) 55 жылдық тарихы бар Қазанғап оркестрі қазіргі таңда екі штаты дирижер, көркемдік жетекші қызмет жасайды. Оркестр құрамы үшін 10 штат 0,5 ставкасымен 20 адам қамтылса оркестрге жақсы мүмкіндік болар еді.

ә) Аудандық мәдениет үйіне режиссер, Жарқамыс ауылдық мәдениет үйіне көркемдік жетекші, әдіскер, сүйемелдеуші.

Кемерши ауылдық клубына көркемдік жетекші, әдіскер, сүйемелдеуші.

Жарлы клубтарына көркемдік жетекші,

Алтай ауылдық мәдениет үйіне әдіскер, сүйемелдеуші.

Миялы ауылдық клубына сүйемелдеуші штаттарын қажет етеді.

### **III. Күрделі жөндеу және жаңа құрылыс қажет ететін клуб мекемелері.**

Оймауыт ауылдық мәдениет үйіне,

Қораши ауылдық клубына,

Дияр ауылдық клубына,

Ноғайты ауылдық клубына,

Кемерши ауылдық клубына

Жарлы ауылдық клубтарына техникалық құжат жасалған.

Оймауыт ауылдық мәдениет үйі, Қораши, Дияр клубтары жаңа құрылыс талап етеді.

Ноғайты, Кемерши, Жарлы клубтарына күрделі жөндеу қажет. Жобалау сметалық құжат (ЖСҚ) жасату мақсатында қаржы көзін бөлу үшін қолдау көрсетуіңізді сұраймын.

**IV.** Қортындылай келе Мәдениет үйінің алдағы жоспарының бірі 600 орындық жаңа құрылысына ЖСҚ –дайындап жұмыстануды қолға аламын және Сіздерден де қолдау күтемін.

**Тыңдалды:** Байғанин аудандық музей басшысы Л.Жаулинаның баяндамасы тыңдалды. (баяндамасы қоса жалғанды)


Баяндамашыға сұрақ бола ма?

Сұрақ – Ускинов Н. Доңызтау өнірінде Асанқайғының аялдаған жердегі тасқа отырған ізі, түйесінің іздері таңбаланып қалған, соны суретке түсіріп әкеліп мұражайға қойса қалай болады?

Жауап: 2021 жылы Сіздің айтып отырған жерлерге бардық, суретке түсіріп өзіміздің парақшаларымызға салдық.

**Б.Тажімұратов** Қоғамдық кеңес мүшелеріне отырысқа қатысқандарыңызға алғыс айтамын. Отырысқа қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға



Б.Тажімұратов

Хатшы



А.Биржарова